

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2024 жылғы «29» 08
№ 400 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Жас экологтар»

(Ортаңғы, ересек, мектепалды топтар)

Ақтөбе, 2024 жыл

Бағдарламасының негізі: Рыжова, Н.А. Балабақшадағы экологиялық тәрбие: оқу құралы / Н.А.Рыжова. - Мәскеу: Білім, 2016.

Құрастырғандар: М.С. Ермаганбетова меңгеруші, «екінші санатты басшы»
Г.А.Байсеркешова «жоғары» санатты тәрбиеші, Г.К.Камыспаева «педагог-сарапшы» тәрбиеші

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында «Жас экологтар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

« 26» тамыз 2024 жыл

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК меңгерушісі: М.С.Ермаганбетова




Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Жас экологтар» бағдарламасы талқыланып, бекітілді.

Хаттама № 1

«28» 08 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы: _____ Ж.Б.Шалабаева





«Балбұлақ» балабақшасы МКҚК «Жас Экологтар» бағдарламасына

Пікір

Мектеп жасына дейінгі баланың экологиялық негіздерін қалыптастыру бағытында жоспарланған вариатив сағаттары балалардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған. Баланың жан-жақты дамуы жас шамасының барлық сатыларында маңызды болып табылады. М.С. Ермаганбетова және тәрбиешілер Г.К. Камыспаева мен Г.А. Байсеркешованың «Жас экологтар» бағдарламасы 3-5 жастағы ортаңғы, ересектер мен мектепалды дтоптарына арналған. Жалпы сағат саны – 36, аптасына 1 сағаттан күннің II жартысында өткізілуге жоспарланған. Бағдарлама 3 жылға арналған.

Бағдарлама мақсаты:

- қоршаған ортаны аялауға;
- қоршаған ортаның сұлулығын сақтауды қалыптастыру;
- табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережесін қалыптастыру

Бағдарламаның басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпау мақсатында бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігін қолдана отырып, қарапайымнан күрделіге қарай экологиялық мәліметті жеткізу үшін әдістемелік бағдарламаны әзірлеу жаңа білім, білік, дағдыларды беру тұлғаға бағытталған, жүйелі, белсенді және құзыретті көзқарасқа негізделген.

Мектеп жасына дейінгі баланың экологиялық тәрбие беру бағытында жоспарланған вариатив сағаттары балалардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған. Жоспарланған тақырыптар бала қызығушылығын оятып, өзін қоршаған айналасына тануға жетелейді. Ұйымдастырылу формаларының жан-жақтылығымен «Жас экологтар» вариативтік бағдарламасы өз мақсатына жетеді деп есептеймін

Пікір жазған:

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының әдіскері

М.Т. Мурзагулова

Түсінік хат

Қазіргі таңда адамзат ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғатты қорғап, аялау барша жұртқа тіршілік қамы, табиғи қажеттілік. Сондықтан да бүлдіршіндерді айналадағы табиғи ортамен үнемі қарым-қатынаста болуға үйрету, олардың ұғымдарын қалыптастыру, табиғатқа деген жанашырлыққа тәрбиелеу қазіргі балабақшадағы тәрбие ісінің өзекті тармақтарының бірі болып табылады. Табиғатпен таныстыру - балалардың танымын дамытудың басты құралдарының бірі. Балабақшадағы тәрбиенің мақсаты - табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. Табиғатпен таныстыру барысында "Табиғат бүкіл тіршілік атаулының алтын ұясы, тал бесігі, өсіп өнер мекені" екендігі жөнінде нақты түсініктер беріледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың тірі және өлі табиғатқа деген сүйіспеншілік қарым- қатынасын тәрбиелеу мақсатында табиғатпен таныстыру, яғни табиғатты қорғау - экологиялық тәрбие мен білім беру жұмыстары арқылы жүргізіледі.

Мазмұны: Мектеп жасына дейінгі балаға экологиялық тәрбие беру маңызды. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді.

Бағдарламаның мақсаты: Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүйуге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат.

Міндеттері:

- қоршаған ортаны аялауға;
- қоршаған ортаның сұлулығын сақтауды қалыптастыру;
- табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережесін қалыптастыру

Күтілетін нәтиже:

- қоршаған ортаның сұлулығын сақтауда адамның табиғатпен тығыз байланысты екенін түсінеді;
- қоршаған ортаны аялап, өсімдіктерге күтім жасаудың бастапқы дағдыларын біледі;
- табиғат аясында өзін-өзі ұстау ережесін қалыптастырып табиғат нысандарына дұрыс қатынас танытады

Бағдарлама мерзімі мен ұзақтығы: «Жас экологтар» бағдарламасы 3-5 жасар балаларға арналған, аптасына 1 рет өткізіледі. Жылдық сағат саны әр топта -36. Бағдарлама үш жылға арналған.



Тақырыптық жоспар

Ортаңғы топ

№	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты
1	Қыркүйек	1. Жанды және жансыз табиғат	1	Өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
		2. Табиғат бұрышында	1	Балаларды балабақшадағы, топтағы табиғат бұрышымен таныстыру, түсіндіру.
		3. Жыл мезгілдері	1	Балаларға әр мезгілдің маусымдық өзгерістері туралы білім беру. Табиғат әсемдігіне баулу.
		4. Табиғат құбылыстары	1	Табиғатта болатын құбылыстар жайлы білімдерін қалыптастыру. Әр жыл мезгілдерінің өзіне тән құбылыстарын ажырату.
2	Қазан	1. Көкөністер мен жемістер	1	Балаларға көкөністер мен жеміс-жидектердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіру.
		2. Үй құстары	1	Балаларға үй құстар түрлерін ажырату, адамға пайдасы туралы түсінік беру.
		3. Күзгі табиғат	1	Балалардың айналадағы күзгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат әсемдігіне баулу.
		4. Экологиялық ойындар	1	«Қайда піседі?», «Егін жинау»
3	Қараша	1. Үй жануарлары	1	Балаларға үй жануарлар түрлерін ажырату, адамға пайдасы туралы түсінік беру.
		2. Бөлме өсімдіктері	1	Бөлме өсімдіктері туралы әңгімелеу, олардың өсу схемасын анықтап ажырату. Өсімдіктің екі түрін салыстыру.
		3. Дала құстары	1	Балаларға дала құстары, тіршілігі туралы түсінік беру. Құстарға қамқор болуға баулу
		4. Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?	1	Ағаштарды туралы түсініктерін қалыптастыру. Туған табиғатына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.
4	Желтоқсан	1. Қыстап қалған құстар	1	Қыстап қалған құстар тіршілігі туралы түсінік беру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
		2. Аңдардың қысқы тіршілігі	1	Аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Оларға

				көмек беру маңызын түсіндіру .
		3.Қысқы серуен	1	Балаларға айналадағы қысқы табиғатта өзгерістер, ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту.
		4.Экологиялық ойындар	1	«Құстар-біздің досымыз», «Жануарлар әлемінде»
5	Қаңтар	1. Қысқы орман	1	Балаларды қысқы орман тіршілігі жайлы түсінік беру.Табиғаттағы орман маңыздылығы туралы білім қалыптастыру.
		2. Өсімдіктер қыста	1	Өсімдіктердің қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Қысқы пейзаж суреттер қарау. Табиғатты аялауға баулу.
		3.Біздің өлкеміздің жануарлары	1	Қазақстанның (құлақты кірпі, қарсақ, қосаяқ, құлан) жабайы жануарларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту.
		4. Табиғат бұрышында	1	Тотықұстың тіршілігі, қоректенуі, дене мүшелері, күтімі туралы түсіндіру
6	Ақпан	1.«Су- асты әлемі»	1	Балаларға су асты тұрғындарымен таныстыру. Су әлемі табиғатының жүйесі , маңыздылығы туралы түсінік беру;
		2.«Су сиқыры»	1	Суменен тәжірибе жүргізу, судың әртүрлі күйімен қасиетімен таныстыру. Балалардың судың өміріміздегі маңызы туралы білімдерін кеңейту.
		3.Табиғат бұрышында	1	Аквариумдағы балықтарды бақылата отырып, олардың тіршілігі, қоректенуі, дене мүшелері, күтімі туралы түсіндіру
		4.«Терезе алдындағы бау-бақша»	1	Топта көкөністер мен гүлдердің көшеттерін отырғызуға, бақылау жүргізу үйрету
7	Наурыз	1.Көктемгі саяхат	1	Балаларға айналадағы көктемгі табиғатта өзгерістер, ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту.
		2.Жыл құстар - көктем жаршысы	1	Жылы жақтан ұшып келген құстар тіршілігі туралы мағлұматтар беру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
		3.Үй жануарларының сыры	1	Балалардың үй жануарларының бір-бірінен өзгешілігін, адамға пайдасы,көктемгі шаруашылық туралы білімдерін көрсету, қамқорлыққа тәрбиелеу.
		4.Көктемгі табиғат	1	Балаларға көктем мезгілінде жасыл

				табиғаттың ерекшелігін бақылау, табиғатты аялауға баулу.
8	Сәуір	1. Жердің көркі-гүл	1	Балалардың гүлдердің алуан түрлерінің әдемілігін сезіне білуі, күту ережелерімен таныстыру.
		2. Көктемгі орман тынысы	1	Балаларға көктем мезгілінде орман тіршілігі туралы түсіндіру, басқа жыл мезгілдерінен айырмашылығын байқату.
		3. «Саңырауқұлақтар»	1	Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру, жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсіндіру.
		4. Ау, су, күн-өмір нәрі	1	Балаларға ауа, су, күн туралы жүйелілігі, олардың адамзаттың тіршілігінде пайдасы мен маңызы туралы түсінігін ұғындыру
9	Мамыр	1. Өзен жағасындағы демалыс	1	Балаларға өзен жүйесінің маңызы туралы түсіндіру. Демалыс кезінде табиғат аясын ластамауға тәрбиелеу.
		2. Жәндіктер	1	Балалардың жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.
		3. Табиғат-тіршілік көзі	1	Балалардың табиғатпен адам арасындағы байланыс, адам игілігі, денсаулығы үшін пайдасы туралы білімдерін бекіту.
		4. Біздің таза үлеске.	1	Экологиялық сенбілік. Балалармен ойын ауласын тазалау.
Барлығы			36	

T. Akhmet

Тақырыптық жоспар

Ересек топ

№	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты
1	Қыркүйек	1.Бізді не қоршап тұр?	1	Табиғат және адам жасаған нысандарды ажырата білуге үйрету. Өлі және тірі табиғат туралы, экологияның тірі организмдер үшін маңызы туралы түсінік беру. Адам еңбегіне және табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
		2.Табиғат бұрышында	1	Балаларды балабақшадағы, топтағы табиғат бұрышымен таныстыру, түсіндіру.
		3.Ауа не үшін қажет?	1	Балаларға адам денсаулығына ауаның, судың және жарықтың тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Таза су-бұл табиғаттың баға жетпес құндылығы екенін және өсімдіктердің өсуі үшін жарықтың маңызы зор екенін түсіндіру. Таза ауаны, суды қорғауға тәрбиелеу.
		4.Табиғат құбылыстары	1	Балалардың табиғатта болатын құбылыстар жайлы білімдерін қалыптастыру. Әр жыл мезгілдерінің өзіне тән құбылыстарын ажырату.
2	Қазан	1.Табиғатта қандай өзгерістер болады?	1	Табиғаттың әсемдігіне назар аударуға үйрету. Әр мезгілдің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін кеңейту. Мезгіл өзгерістеріндегі ауыл шаруашылығындағы еңбектің түрлері жайлы ұғымдарын кеңейту. Табиғат әсемдігіне баулу.
		2.Табиғат дәрумендері	1	Балаларға көкөністер мен жеміс-жидектердің адам денсаулығына пайдасы туралы түсіндіру.
		3.Күзгі табиғат	1	Балалардың айналадағы күзгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат әсемдігіне баулу.
		4.Экологиялық ойындар	1	«Қайда піседі?», «Егін жинау»
3	Қараша	1.Ағаш және бұта	1	Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Түрлі зерттеушілік

				әрекеттерді саралап қабылдауды қалыптастыру.
		2.Бөлме өсімдіктері	1	Бөлме өсімдіктері туралы әңгімелеу, олардың өсу схемасын анықтап ажырату. Өсімдіктің екі түрін салыстыру.
		3.Бөлме өсімдіктерін күту.	1	Балаларда бөлме өсімдіктерінің ылғалды қажет етуі туралы түсініктерін қалыптастыру. Бақылағыштық қабілеттерін дамыту, оларды күтіп бағуға тәрбиелеу.
		4.Барлық ағаштардың жапырағы түсті ме?	1	Ағаштарды тұқымдарынан және олар туралы түсініктерін қалыптастыру. Қайыңға, терекке, шыршаға, қарағайға сипаттама беруге үйретуді дамыту. Туған табиғатына деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.
4	Желтоқсан	1.Қыстап қалған құстардың тіршілігі	1	Қыстап қалған құстар тіршілігі туралы мағлұматтар беру, оларды аялап, баптап-күтуге дағдыландыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
		2.Аңдардың қыс мезгіліне дайындығы	1	Аңдардың қысқы мекені. Жануарлардың қысқы өмірлерімен таныстыру және түсініктерін қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту, оларға көмек беруге тәрбиелеу.
		3.Қысқы серуен	1	Балаларға айналадағы қысқы табиғатта өзгерістер, ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту.
		4.Экологиялық ойындар	1	«Құстар-біздің досымыз», «Жануарлар әлемінде»
5	Қаңтар	1.Үй жануарлары	1	Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру. Адамның қолына үйретілген, пайдасы көптеген туралы білімдерін кеңейту.
		2.Қысқы орман	1	Балаларды қысқы орман тіршілігі жайлы түсінік беру.Табиғаттағы орман маңыздылығы туралы білім қалыптастыру.
		3.Біздің өлкеміздің жануарлары	1	Қазақстанның (құлақты кірпі, қарсақ, қосаяқ, құлан) жабайы жануарларымен таныстыру. Оларды ажырата білуге дағдыландыру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін ояту.
		4.Өсімдіктердің қыста қалай тіршілік	1	Өсімдіктердің қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Қысқы пейзаж суреттер

		етеді?		карау. Тірі табиғатты аялауға баулу.
6	Ақпан	1.«Су- асты әлемі»	1	Балаларға су асты тұрғындарымен таныстыру. Су әлемі табиғатының жүйесі , маңыздылығы туралы түсінік беру;
		2.«Су сиқыры»	1	Суменен тәжірибелер жүргізу, судың әртүрлі күйлерімен қасиеттерімен, ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Балалардың судың өміріміздегі маңызы туралы білімдерін кеңейту.
		3.Табиғат бұрышында	1	Аквариумдағы балықтарды бақылата отырып, олардың тіршілігі, қоректенуі, дене мүшелері, күтімі туралы түсіндіру
		4.«Терезе алдындағы бау-бақша»	1	Топта көкөністер мен гүлдердің көшеттерін отырғызуға, бақылау жүргізу үйрету
7	Наурыз	1.Көктемгі саяхат	1	Балаларға айналадағы көктемгі табиғатта өзгерістер, ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту.
		2.Құстар -көктем жаршысы	1	Жылы жақтан ұшып келген құстар тіршілігі туралы мағлұматтар беру, оларды аялап, баптап-күтуге дағдыландыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
		3.Үй жануарларының сыры	1	Балалардың үй жануарларының бір-бірінен өзгешілігін, адамға пайдасы,көктемгі шаруашылық туралы білімдерін көрсету, қамқорлыққа тәрбиелеу.
		4.Жасыл табиғат	1	Балаларға көктем мезгілінде жасыл табиғаттың ерекшелігін бақылау, табиғатты аялауға баулу.
8	Сәуір	1.Жердің көркі-гүл	1	Балалардың гүлдердің алуан түрлерінің әдемілігін сезіне білуі, баптап, күту ережелерімен таныстыру.
		2.Көктемгі орман тынысы	1	Балаларға көктем мезгілінде орман тіршілігі туралы түсіндіру, басқа жыл мезгілдерінен айырмашылығын байқату.
		3.«Саңырауқұлақтар»	1	Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру, жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсіндіру. Саңырауқұлақтың пайдалы қасиеттері туралы білім беру.
		4.Ау, су, күн-өмір нәрі	1	Балаларға ауа, су, күн туралы жүйелілігі , олардың адамзаттың тіршілігінде пайдасы мен маңызы

9	Мамыр	1.Өзен жағасындағы демалыс	1	туралы білімдерін кеңейту Балаларға өзен жүйесінің маңызы туралы түсіндіру. Демалыс кезінде табиғат аясын ластамауға тәрбиелеу.
		2.Су сиқыры	1	Суменен тәжірибелер жүргізу, судың әртүрлі күйлерімен қасиетімен, ерекшелігімен таныстыруды жалғастыру. Судың өміріміздегі маңызы туралы білімдерін кеңейту.
		3.Табиғат-тіршілік көзі	1	Балалардың табиғатпен адам арасындағы байланыс, адам игілігі,денсаулығы үшін пайдасы туралы білімдерін бекіту.
		4.Біздің таза үлеске.	1	Экологиялық сенбілік. Балалармен ойын ауласын тазалау.
	Барлығы		36	

Тақырыптық жоспар
Мектепалды топ

№	Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты
1	Қыркүйек	Ау, су, күн-өмір нәрі	1	Балаларға ауа, су, күн туралы жүйелілігі, олардың адамзаттың тіршілігінде пайдасы мен маңызы туралы білімдерін кеңейту
		Жәндіктер тіршілігі	1	Балаларға жәндіктер түрлерімен олардың тіршілігі, табиғат жүйесінде маңызы туралы түсінік беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.
		Таза ауа-жанға дауа	1	Балаларға адам денсаулығына ауаның тигізетін маңызын айтып түсіндіру. Таза ауаны қорғауға тәрбиелеу.
		Табиғат құбылыстары	1	Балалардың табиғатта болатын құбылыстар жайлы білімдерін бекіту. Әр жыл мезгілдерінің өзіне тән құбылыстарын ажырату.
2	Қазан	Алтын күз сыйы	1	Адамдардың күз мезгіліндегі еңбегі, күзгі табиғат ерекшелігі, көкөністердің пайдасы туралы білімдерін бекіту.
		Өсімдіктер- жердің жасыл көрпесі.	1	Балаларға өсімдіктер ұзақ тіршілік ететіні, көп түрлілігі туралы түсінік беру. Гербарий альбомын жасақтау.
		Жасыл дәріхана	1	Балаларды жергілікті аулада өсетін дәрілік өсімдіктер түрлерімен таныстыру. Емдік қасиеттері, маңызы туралы түсінік беру, оларды қорғауға тәрбиелеу.
		Жер -ортақ үй	1	Балаларды жердің макеті- глобуспен таныстыру. Географиялық карта туралы түсінік беру.
3	Қараша	Жылқы мен түйе	1	Балаларға қазақ халқының үй жануарларының ішінде ерекше баптайтын түрлері туралы әңгімелеу, тіршілік ету аймақтар ортасы жайлы түсінік беру
		Туған елдің табиғи аймақтары.	1	Қазақстанның табиғи аймақтары туралы түсінік беру. Туған елдің табиғат әсемдігін көрсету, оны қорғауға тәрбиелеу
		Көлдер мен тоғандар	1	Табиғаттағы су жайында білімдерін кеңейте түсу, Көлдер мен тоғандар ерекшеліктері, халық шаруашылығындағы маңызын

4	Желтоқсан	Табиғи пайдалы қазбалар	1	ұғындыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу Туған елдің пайдалы қазбалары, кен орындары, олардың адам тіршілігінде маңызы туралы түсінік беру. Табиғи байлықтарды сақтауға, қорғауға тәрбиелеу.
		Ағаштан бұйымдар	1	Балаларды ағаштан жасалған бұйымдармен таныстыру, жасанды материалды бұйымдармен салыстыру. Ағаштың табиғаттың экожүйесінде маңызын ұғындыру.
		Табиғат – біздің үйіміз	1	Балаларға табиғи және жасанды нысандар туралы түсінік беру. Табиғатты қорғауға баулу
		Қысқы серуен	1	Балаларға айналадағы қысқы табиғатта өзгерістер ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту.
5	Қаңтар	Қысқы орман	1	Балаларды қысқы орман тіршілігі жайлы түсінік беру. Табиғаттағы орман маңыздылығы туралы білім қалыптастыру.
		Біздің өлкеміздің жануарлары	1	Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар түрлерімен таныстыруды жалғастыру.
		Туған өлкемізге саяхат	1	Балаларға туған өлкеміздің табиғатымен, тарихи көрнекті орындарымен таныстыру. Туған жерді сүйуге тәрбиелеу
		Өсімдіктердің қысқы тіршілігі	1	Өсімдіктердің қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Тірі табиғатты аялауға баулу.
6	Ақпан	Қызыл кітап құпиясы	1	«Қызыл кітап» туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру; табиғатты аялауға баулу.
		Мұхит әлемі	1	Су тіршілігі жайлы білімдерін пысықта; теңіз бен мұхитта мекендейтін балықтар жайлы білімдерін бекіту.
		«Су сиқыры»	1	Суменен тәжірибелер жүргізу, судың әртүрлі күйлерімен қасиеттерімен, ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Балалардың судың өміріміздегі маңызы туралы білімдерін бекіту.
		Табиғат бұрышында	1	Аквариумдағы балықтарды бақылата отырып, олардың тіршілігі, қоректенуі, дене мүшелері, күтімі туралы білімдерін бекіту
		«Терезе алдындағы бау-бақша»	1	Топта көкөністер мен гүлдердің көшеттерін отырғызуға, бақылау

7	Наурыз	Көктемгі саяхат	1	жүргізуге үйрету Балаларға айналадағы көктемгі табиғатта өзгерістер, ерекшеліктерін бақылау дағдыларын дамыту
		Экологиялық ертегілер бойынша саяхат	1	Балаларды табиғат туралы ертегілерде, табиғатта жүріс-тұрыстың қабылданған ережесіне сәйкес кейіпкерлердің әрекеттерін талдауға арқылы табиғат тіршілігін әсемдігіне тәрбиелеу
		Жасыл табиғатым тамаша	1	Балаларға көктем мезгілінде жасыл табиғаттың ерекшелігін бақылау, табиғатты аялауға баулу.
		Жер және оның серігі	1	Жер туралы ұғымдарын кеңейту. Адам қоршаған әлеммен байланысты екенін түсінетіндей құндылықтар жүйесін қалыптастыру.
8	Сәуір	Ғарыш әлемі	1	Балаларға ғарыш , күн жүйесі, жердің экожүйесінің байланысы туралы түсінік беру.
		Қоршаған орта тазалығы	1	Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні оның маңыздылығы жайында түсінік беру. Жасанды материал-ң зияндығы туралы білімдерін қалыптастыру
		Біздің таза алаң	1	Экологиялық сенбіліктер өткізу маңызын ұғындыру. Тазалыққа баулу
		Жәндіктер – кішкентай көмекшілер	1	Балалардың жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.
9	Мамыр	Гүлзар әлемі	1	Гүлдерді күтіп баптауға, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету.
		Табиғат-тіршілік көзі	1	Балалардың табиғатпен адам арасындағы байланыс, адам игілігі, денсаулығы үшін пайдасы туралы білімдерін бекіту.
		Біздің планетамыздағы қоқыс	1	Балаларға қоқыстың табиғатқа қалай әсер ететінін туралы түсінік беру.
		Қоршаған дүниені қорғау	1	Қоршаған дүниені қорғау туралы түсінік беру. Табиғат нысандарын ластамауға тәрбиелеу.
Барлығы			36	

Қолданылған әдебиеттер

1. **I. Негізгі әдебиет:** 1.1. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие: оқу құралы» Н.А.Рыжова. - Мәскеу: Білім, 2016ж.

II. Қосымша әдебиеттер:

- 2.1 «Балалар ойындары» А.Молдагаринов, «Жалын», Алматы, 1987 ж.
- 2.2 «Игра как средство социальной адаптации дошкольников» Н.М.Сертакова, Санкт-Петербург «Детство-ПРЕСС» 2009 ж.
- 2.3 «Балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру» А.А.Қапенова «Алматы кітап», 2009 ж.
- 2.4 «Алтын сандық» Б.Адамбаева., «Жазушы» баспасы 1989 ж.
- 2.5 «Шынашақ» М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев, Алматы «Балауса» баспасы 1992 ж.
- 2.6 «Мен және айналадағы табиғат» С.Ф.Еликова., О.И.Вязовая., «Келешек-2030», 2013 ж.
- 2.7 «Казахские детские игры» А.Молдагаринов, Алматы «Жалын» 1987 ж.
- 2.8 «Айналамен таныстыру және экология негіздері». 2005ж.
- 2.9 Балабақшадағы экологиялық тәрбие /Отбасы және балабақша.-1996. №11-12
- 2.10 «Бала және табиғат» Көбеева Н \\\ Уйелмен және балабақша. – 1993. № 5.
- 2.11 «Табиғатты қорғау». \\\ Отбасы және балабақша. Құлшанова С.. – 1993. № 6.
- 2.12 «Табиғат. Бала. Тәрбие». Отбасы және балабақша. Керімбаева Р.– 1997. № 1 – 3.
- 2.13 «Ғажайып тапсырмалар» «Аруна», 2013 ж.